

БӨЛІМ: ХИМИЯ

«Бастапқы химиялық ұғымдар» тақырыбын қорытындылауЖАРИЯЛАНДЫ
07.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16420/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Айтқалиева Айгүл Мәлікқызы**Сабақтың мақсаты:**

Осы тарау бойынша алған білімдерін тереңдету. Химиялық формула, теңдеу құру дағдыларын, есеп шығару химиялық тәжірибе жасау біліктерін дамыту. Осының бәрін атом – молекулалық ілім тұрғысынан дәлелдеу.

Құрал- жабдықтар: Химиялық және физикалық құбылыстарға тәжірибелер, керекті химиялық ыдыстар және реактивтер.

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: топпен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларға ойын сабағының жоспары хабарланады. Тақтаға жазылады.

Сабақ девизи: *Пысықтау оқу — анасы.*

1.Бақытты сәт – ойыны.

2. Деңгейлік есептер
3. Қызықты тәжірибелер.
4. Полиглот – ыдысы.

5.Тестілермен жұмыс.

Оқушыларды 2 ұғымдық топқа бөлетін. Топ басшысы осы ұжымның ұпайын есептеп отырады. Оған кесте алдын ала беріледі.

1-кезең. Сұрақтар (Дұрыс жауап берген оқушыға жетон беріледі)

1 ұжымдық топқа қойылатын сұрақтар.

1. Физикалық денелерді құрайтын нәрсе? (Зат)
2. Құрамына кіретін заттардың бөлшектері микроскоп арқылы да көрінбейтін қоспа қалай аталады? (Біртекті)
3. Шынының балқуы қай құбылысқа жатады? (Физ.)
4. Бөлінбейтін ең кішкентай бөлшектер. (Атомдар)
5. Атомдарының әр түрінен түзілген заттар... (күрделі)
6. Оттектің салыстырмалы атомдық массасы. (16)
7. Мыстың латынша атауы. (купрум)
8. Плюмбум – (қорғасын)
9. О әрпімен белгіленетін элемент. (оттегі)

10. Таңбалар және формулалар арқылы шартты түрде жазылған реакциялар (Химиялық теңдеулер)

2-ұжымдық топқа қойылатын сұрақтар.

1. Заттардың агрегаттық күйлері. (Қатты, сұйық, газ)
2. Құрамына кіретін заттардың бөлшектерін жай көзбен көруге болатын қоспалар қалай аталады? (Әр текті)
3. Темірдің тот басуы қандай құбылысқа жатады? (хим.)
4. Атом-молекулалық ілімді жасаған орыс ғалым. (Ломоносов)
5. «Эн» таңбасы (Азот)
6. Кремнийдің латынша аты? (силициум)
7. Сутегінің таңбасы. (H)
8. Химиялық теңдеуді теңестіру үшін қойылатын сандар? (Коэфф-р)
9. Феррум... (темір)
10. Азоттың салыстырмалы атомдық массасы. (14)

2-кезең. Деңгейлік есептер шығару. Тапсырма жауаптары тақтаға жазылады. 1-2 ұжымдық топтарға таратылып беріледі.

3-кезең. Демонстрациялық тәжірибелер: Оқушылар өздері орындайды.

а) Тұз бен құмның қоспасы берілген тұз бен құмды бөліп алу керек. Бұл қандай қоспа? Қоспалардың тағы қандай түрлерін білесің.

(1 ұжым тобына)

ә) Темір мен күкірт қоспасы берілген. Бұл қандай қоспа? Күрделі зат пен қоспаның айырмашылығы неде?

(2 ұжымға)

4-кезең. Үй тапсырманы тексеру үшін «Полиглот» ойыны ойналады. Сұрақтарда кездесетін элементтердің атын қазақ, орыс, латын тілінде айту керек. Дұрыс жауапқа 10 ұпай, жартылай 5 ұпай. Қай ұжым дық топ жылдам, білімділігін көрстеді.

1. Сұйық металл (H_g , сынап, ртуть-гидраргирум)
2. Ауаның негізгі құрам бөлігі? (O-оттек-кислород-оксигениум)
3. Қай элементтің жетіспеуі тіс ауруына ұшыратады? (F-фтор-фтор-фторум)
4. Ой және өмір элементі. (P-фосфор-фосфор-фосфорус)
5. Қай элемент бактерияларды өлтіріп, денсаулығымызды қорғайды?(Cl, хлор-хлор-хлорум)
6. Ақыл арымас, алтын шірімес. (Au-алтын-золото-аурум).
7. Темірді қызған кезінде соқ (Fe-темір- феррум-железо).

5-кезең. Тестілермен жұмыс. Екі ұжымдық топқа тест кітапшасы бойынша деңгейлік тапсырма беріледі. Екі ұжымдық топ бір-бірін тексереді. 9 жұмыс. (тест) 1-2-3 деңгейде орындау Хим. фор-лар бой. есептеулер. Сабақ соңында топ басшылары ұпай санын санап, оқушыларды бағалайды. Қай топтың білімі басым болғанын анықтау. Сабақты қорытындылау.

Оқушылардың аты жөні	1 кезең	2 кезең	3 кезең	4 кезең	5 кезең	Қорытынды ұпай саны
1.						
2.						

Үйге тапсырма: Қайталау. «Әлемнің таңғажайып қызықтары» эссе

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.